



### ЖОСПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ


№	М а з м ұ н ы	беті
<b>1</b>	<b>Кіріспе</b>	
1.1	2020-2021 оқу жылының жұмысын талдау	2-7 беттер
1.2	Жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттері	8бет
<b>2</b>	<b>I тарау</b>	
2.1	Оқу процесін ұйымдастыру	9бет
2.2	Оқу-тәрбие жұмысына басшылық және бақылау	10бет
2.3	Балалар шығармашылық орталығының жұмыс тәртібінің циклограммасы	10бет
<b>3</b>	<b>II тарау</b>	
3.1	Директор жанындағы кеңес отырыстары	11бет
3.2	Әдістемелік кеңес отырыстары	12бет
3.3	Педагогикалық кеңес отырыстары	13бет
<b>4</b>	<b>III тарау</b>	
4.1	Әдістемелік бөлімнің жұмыс жоспары	14-16беттер
4.2	Бұқаралық бөлімнің іс-шаралар жоспары	17-18беттер
4.3	Ақжайық ауданының бірінғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары	19-22 беттер
4.4	Педагог-психологтің жылдық жұмыс жоспары	23-29 беттер
4.5	Оқушыларды жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыс жоспары	30 бет
4.6	Ата-аналармен жұмыс жоспары	31 бет
4.7	Педагогтарды аттестаттау жоспары	31 бет
4.8	Жас мамандармен жұмыс	32 бет

## Кіріспе


### 1.1. 2020-2021 оқу жылының жұмысын талдау

Қосымша білім берудің дамуы –жалпы білім жүйесін жетілдіру стратегиясының ажырамас бір бөлігі. Балалар өз қабілетін дамытып, қазіргі қоғамға бейімделіп, қосымша білім беру орталықтары арқасында бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік алады.

Ақжайық ауданы бойынша 3 қосымша білім беру орталығында 6157 оқушы (178 үйірме), яғни барлық оқушының 95.1 пайызы қосымша біліммен қамтылды. Осы қосымша білім беру орталықтары ішінен «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Ақжайық ауданы білім беру бөлімінің «Балалар шығармашылық орталығы» МКҚК- де 2020-2021 оқу жылында елімізде болып жатқан пандемияға байланысты онлайн оқу жүйесімен аудан бойынша 19 бағыттағы 96 үйірме жұмыс жасап, 3250 оқушы қамтылды.



## ҮЙІРМЕГЕ ҚАМТЫЛҒАН ҮЙІРМЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ



2020-2021 оқу жылында 19 бағытта 96 үйірме 6-17 жас аралығындағы оқушыларды үйірмеге қабылданды. Үйірме бағыттары және саны: «Қолөнер» үйірмесі-18, «Дизайн» үйірмесі -2, «Мүсін» үйірмесі-1, «Сурет» үйірмесі -18, «Би» үйірмесі -8, «Фотоәуесқойлар» үйірмесі -1, «ІТ» үйірмесі-1, «Биология» үйірмесі -1, «Қуыршақ театры» үйірмесі -1, «Вокал» үйірмесі-10, «Домбыра» үйірмесі-8, «Жас тілші» үйірмесі -9, «Тарих» үйірмесі-4, «Робототехника» үйірмесі-3, «Жас техник» үйірмесі-2, «Дебат» үйірмесі -3, «КТК» үйірмесі -2, «Драма» үйірмесі-2, «Ағылшын» үйірмесі-2.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Жылдар	ҚББП саны	Білімі		Санаты		
		Жоғары	Арнаулы	Жоғары	Бірінші	Екінші
2018-2019	94	68	26	4	6	19
2019-2020	92	70	22	4	7	24
2020-2021	96	75	21	4	5және 1 педагог- сарапшы	21және 9 педагог - модератор


Біліктілікті арттыру – мұғалімнің өз қызметін нәтижелі атқаруы үшін және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында арнайы оқу бағдарламалары арқылы оқыту, кәсіби даму іс-шараларына қатыстыру және өз білімін көтеруі болып табылады. Білім сапасы – мұғалімдер қызметінің сапасы. Ал осы сапаға қол жеткізу үшін 2020-2021 оқу жылында «Өрлеу» «БАҰО» ұйымдастырған 40 сағаттық онлайн режимде «Қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында 26 ҚББП-гі, «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы педагог-хореографтардың құзіреттілігін дамыту» тақырыбында 2 ҚББП-гі, Республикалық қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығының ұйымдастырған 80 академиялық сағат көлемінде «Педагог-хореографтың заманауи кәсіби құзыреті» тақырыбында біліктілік курсынан 1 ҚББП-гі, «Балалар қоғамдық бірлестіктері-әлеуметтік тәрбиенің субъектісі» тақырыбында 1 ҚББП-гі, «Эстрадалық вокалға оқыту өнері.Әдіс және практика» тақырыбында 2 ҚББП-гі, «STEM білім беру-бағдарламалаудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында 1 ҚББП-гі біліктілік арттыру курсынан өтті.

Педагогикалық озат тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамытып және жетілдіріп отырады. Орталықта тәжірибелі әріптестердің шеберлік пен жаңашыл әдістерді қолданған үздік іс-тәжірибелері аудан, облыс көлемінде таратылып отырады. 2019-2020 оқу жылында ҚББП Р.Есеналиевтің «Озық тәжірибе» шеберлік сыныптар жинағы /әдістемелік көмекші құрал/ , Қ.Сисенгазиевтің «Ғажайып түстер әлемі-кескіндеме» әдістемелік көмекші құрал, Д.Бижановтың «Озық тәжірибе-ортақ іс» шеберлік сыныптар жинағы /әдістемелік көмекші құрал/ және 2020-2021 оқу жылында ҚББП Г.Оңғардың «Ұлттық би қимыл элементтерін оқытуда қазақтың ұлттық ойындарын қолдану» әдістемелік көмекші құралы, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кажкенованың «Қосымша білім беру ұйымдарында апталықтар өткізудің озық әдістері» әдістемелік нұсқауы, «Педагогикалық шеберлік және оның маңызы» әдістемелік көмекші құралы облыс көлемінде, әдістемелік бөлім меңгерушісі Б.Абдулованың «Шеберлік сыныптар жинағы» әдістемелік нұсқауы, педагог-психолог З. Сисакованың «Арт терапия – өнермен емдеу терапиясы» әдістемелік нұсқауы аудан көлемінде таратылды.

Педагогтардың үздіксіз білімін жетілдірудің тағы бір маңызы- семинар кеңестерде қатысу. 2019-2020 оқу жылында 4 педагог облыстық деңгейдегі семинар- кеңеске қатысып, әріптестерімен іс- тәжірибелерін бөлісті. 2020-2021 жылы бойынша «Қазақ биінің анықтамалығын талқылау» тақырыбындағы республикалық онлайн семинарға ҚББП Г. Оңғар, «Онлайн білім берудегі педагогтің дағдылары мен қабілеттері» атты семинарға ҚББП Д.Избасаров , әдістемелік бөлім меңгерушісі Б.Габсатарова , «Техникалық білім- заман талабы» тақырыбындағы облыстық семинарға ҚББП А.Кушумова, «Технологиялық қарқынды даму жағдайындағы өзгерістерді басқару» атты семинарға орталық директоры Р.Есеналиев, «Психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары және оны жүзеге асыру формалары» атты семинарға педагог-психолог З.Сисакова, «Тәжірибе алаңы: тіл, әдістеме, нәтиже» тақырыбындағы семинарға директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кажкенова, «Қосымша білім беруді STEM негізінде дамыту» атты семинарға ҚББП А.Кушумова, директор Р. Есеналиев, әдістемелік бөлім меңгерушісі Б.Абдулова, «Қосымша білім беру жүйесін педагогикалық білім берудің заманауи трендтері негізінде жетілдіру» атты семинарға директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кажкенова , ҚББП С.Абулхайров қатысты. Аталған тақырыптағы семинарлар облыстық деңгейде онлайн форматта өткізілді.

2020-2021 оқу жылында Балалар шығармашылық орталығы ұжымы үшін де үлкен жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Орталыққа үйірмеге қатысушы оқушылар аудан, облыс, республика, халықаралық деңгейде түрлі байқау, фестиваль, көрмелерге қатысып, жақсы жетістіктер көрсете білді. ҚББП Д.Избасаров жетекшілік ететін «Дизайн» үйірмесінің оқушысы облыстық, республикалық байқаулар жеңімпазы К.Шанаева білім грантын жеңіп алды.

## ҮЙІРМЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МОНИТОРИНГІСІ



Ақпараттық - әдістемелік қолдау көрсету негізінде қосымша білім беру педагогтарының қызметін кәсіби дамуға бағыттау, шығармашылық үрдістерді шеберлікпен басқаруға қолайлы жағдай жасау, заманауи оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға бағыттау, шығармашылық жұмыс істейтін қосымша білім беру педагогтарының озық педагогикалық тәжірибелерін анықтау және талдап қорыту және енгізу мақсатында орталық кешенді қызмет атқаруда. Қосымша білім беру педагогтарына «Шеберлік сыныптар» байқауы, үйірме бағыттары бойынша аудан көлемінде «Collection Ideas» атты апталықтар ұйымдастыру, «Шығармашылық шыңдайды шеберлігін» атты үйірме жетекшісі мен тәрбиеленуші өз шығармашылығын жоғары дегейде көрсете алатын өнер байқауы дәстүрлі жоспарға енгізілген.


Жалпы адамдық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсатында 2020-2021 оқу жылы аудандық бұқаралық бөлімнің ұйымдастырумен 26 іс-шара тәрбиенің 8 бағытын негізге ала отырып қосымша білім беру ұйымының тәрбиеленушілері арасында сайыс, фестиваль, көрме, байқау, челлендж т.б. түрінде өткізілді.

Қосымша білім беру педагогтарының аудан көлемінде өткізілген іс-шараларға қатысу бойынша оқу жылы бойынша рейтинг жүргізілді. Рейтинг бойынша үздік танылған қосымша білім беру педагогтары оқу жылы аяғында аудандық білім бөлімінің және Балалар шығармашылық орталығының алғыс хатымен марапатталды.

Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Олимп» облыстық кәсіби байқауында Д. Бижанов және Ш. Сулейменова I-орын, «Қиял қанаты» республикалық байқауында Д. Избасаров I-орын, Д. Бижанов «Дәстүр мен ғұрып» облыстық жобасында I – орын, облыстық «Үздік педагог» байқауында II орын иеленді.

Г. Оңғар, Д. Избасаров облыстық білім басқармасының Құрмет Грамотасымен және Д. Бижанов ҚР білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

## 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГТАРДЫҢ РЕЙТИНГІСІ



- БШО жоспарға сай ұйымдастырылған аудандық көрме-байқауларға т.б шараларға тәрбиеленушілерді дайындап қатыстырып отырған ҚББП көрсеткіші
- Біліктілік санаты бар ҚББП
- Біліктілік курсынан өткен ҚББП
- ҚББП ұйымдастырылған байқау, шеберлік сыныптаға қатысуы

**«Жас ұлан» ұйымының жұмысы.** Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті кіп кішкентай кезінен қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарға ынталандыру жауапкершілік пен еңбек сүйгіштікті қалыптастыруда «Жас ұлан» ұйымының маңызы зор.

Ақжайық ауданы бойынша биылғы оқу жылында 6499 бала білім алып, 36 мектеп тәлімгер білім ордасында қызметін атқарды. Соның ішінде 17 – жоғары білімді, 18 - арнаулы орта білімді. Қазіргі таңда ауданымыз бойынша «Жас Ұлан» ұйымының «Жас қыран» төменгі буынында (1-4 сынып оқушылары) 2772 бала, жоғары буынында (5-10 сынып оқушылары) «Жас Ұлан» 3308 оқушы .

Жылдары	Жалпы бала саны	«Жас Ұлан» қатарындағы оқушылар саны	%	«Жас Қыран» қатарындағы оқушылар саны	%
2018-2019	6442	3265	50,6	2734	42,4
2019-2020	6470	2641	40,81	2737	42,30
2020-2021	6505	2849	41,70	2723	40,20

**Педагог-психолог жұмысы.** Орталықтың педагог-психологінің оқу жылы бойынша атқарған жұмысына тоқталар болсақ, педагог-психолог З.Сисакова біліктілік курсынан өтіп, педагог-сарапшы біліктілік санатын алды.

Педагогикалық-психологиялық қызметте топтық шаралар өткізіліп, кеңес беру жұмысы тұрақты түрде жұмыс жасады. Жүргізілген диагностикалар қорытындысы нәтижесінде үйірме мүшелеріне, ата-аналар және педагогтарға бірқатар кеңес-ұсыныстар беріліп, кеңес беру журналында тіркелді.

Педагогтарды ұйымшылдыққа, жаңашылдыққа, инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой қиялын арттыру, сонымен қатар педагогтардың эмоциялық көңіл күйін көтеру, топтасып ұжыммен жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту мақсатында ұстаздар күніне арналған «Мейірімді болса жүрегі-орындарлар ұстаз тілегі», «Жан жылуы», «Сиқырлы қобдиша», «Еңбек ағашы» т.б. тренингтер және «Ұжымдық қарым-қатынасқа түсу деңгейін бағалау» Р.Ф.Ряховский тесті, «Мұғалімнің агрессия деңгейін зерттеу» Ассингер тестісі өткізілді.

Оқушылардың жеке ерекшелігін бағалап, танымдық сферасын анықтау және депрессиялық жағдайды анықтау мақсатында «Сурет», «Би» үйірме мүшелеріне «Корректорлық байқау», «Сандарды іздестіру», «Артық сөзді тап» т.б. тест-әдістемелері ұйымдастырылып, «Бала тәрбиесіндегі ата-аналарға арналған психологиялық кеңес» тақырыбында фейсбук желісі арқылы ата-аналарға кеңестер жарияланды.

Үйірме педагогтарына жасөспірімдерге өтпелі кезең ерекшелігіне сай, мінез-құлықтарын тәрбиелеу, өзін-өзі реттеуге, бағалауға көмектесу мақсатында «Жасөспірімнің мінез-құлық ережелері» тақырыбында түрлі мағлұматтар беріліп, жадынамалар таратылды.

**Орталықтың жазғы мезгілдегі қызметі.** Теректі ауданына қарасты Сарыөмір ауылындағы Шалқар көлі жағасында орналасқан «Ақ шағала» жазғы тынығу лагері 2008 жылы Балалар шығармашылық орталығының баласына берілді. 2010 жылы лагерь күрделі жөндеуден өткізілді. Баланың бос уақытында олардың өмірге белсенділігін және өнер-білімге деген ынтасын қалыптастыру, әр түрлі мәдени іс-шараларға тарту негізінде баланың бойында белсенділік және ұйымдастырушылық қасиеттерін арттыру, өзін-өзі басқарып, қиындықты жеңе білуге, айналасындағылармен тату-тәтті, әдептілік нормасын сәйкесте өмір сүре білуге дайындығын қалыптастыру мақсатында «Ақ шағала» лагері өз жұмысын атқарып келеді.

2019-2020 оқу жылында еліміздегі пандемияға байланысты лагерь жұмысы уақытша тоқталып, 2020-2021 оқу жылында «Ақ шағала» жазғы тынығу лагері санитарлық - эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып 5 шілде - 16 тамыз аралығында 5 ауысымда жұмыс істеді. Спорттық, танымдық, мәдени бағытта лагерь жұмысы жүргізіліп, аудан бойынша 52 бала /ақысыз/ қамтылды.

## 1.2. 2021-2022 оқу жылына арналған орталық жұмысының мақсаты мен міндеттері

**Проблемалық тақырыбы:** «Балалар шығармашылық орталығында әдістемелік жұмысты жандандыру арқылы қосымша білім беру педагогтарының кәсіби шеберліктерін арттыру, үйірмеге қатысушылардың қызығушылықтарын дамыту»

**Мақсаты:** балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру барысында әр баланың бойындағы шығармашылық қабілетін оятып, еңбек етуге, өнерде алғашқы қадамдарын жасауға үйретуге ұмтылдыру, байқауларға қатыстыру.

**Міндеті:**

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, зияткерлік, адамгершілік, физикалық дамуындағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, балалардың қоғамда өмір сүруге әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету;
2. Оқушыларды кәсіби бағдарлау;
3. Қосымша білім беру педагогтарына заманауи оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға бағыттау, әдістемелік көмек көрсету (білім беру бағдарламаларын құру, кәсіби біліктілігін арттыру және көтеру, іс-тәжірибе алмасу, іс-тәжірибелер тарату);
4. Қосымша білім беру бағыттары бойынша түрлі деңгейдегі байқау- көрмелерге қатысу;
5. Аз қамтылған, көп балалы отбасы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды үйірмелерге тартуды басты назарда ұстау, қосымша білім педагогінің бұл бағыттағы жұмыстарына қолдау көрсету;
6. Техникалықбағыттағы үйірмелердідамыту.

**Жұмыс бағыттары:**

1. Үйірмелер
2. Оқушыларды жазғы демалыспен қамту / «Ақшағала» тынығу лагері/
3. «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы



№	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауапты
1	«Балалар мен қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты орындалуы, оқушыларды қосымша біліммен қамту	1 тамыз-14 қыркүйек	Орталық директоры
2	Мамандар қабылдау, штат кестесін жасау, үйірмелер санын анықтау.	1 тамыз-14 қыркүйек	Орталық директоры
3	Мекеменің жылдық жұмыс жоспарын жасау,бекіту.	Тамыз-қыркүйек	Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары /пед кеңес/
4	НОВД	25 тамыз-14 қыркүйек	Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
5	Сабақ кестесін жасақтау және бекіту	1-13 қыркүйек	Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6	Үйірмелердің оқу журналдарын бекіту	1-14 қыркүйек	Орталық директоры
7	Үйірмеге қатысатын мүмкіндігі шектеулі, қиын балалар,аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларын анықтау	1-14 қыркүйек	Педагог-психолог
8	ҚББ педагогтарының 2021- 2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын талдау, бекіту	1-13 қыркүйек	Әдістемелік кеңес
9	Тәжірибелі педагогтардың озық тәжірибелерін тарату	Жыл бойы	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
10	Республикалық, облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты базасында өткізілетін курстарға ҚББ педагогтарының қатысуын қамтамасыз ету	Жыл бойы	Орталық директоры Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
11	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. / «Ақшағала» жазғы тынығу лагері/		

## 2.2 Оқу-тәрбие жұмысына басшылық және бақылау

№	Жұмыс түрі, не тексеріледі	Мерзімі	Жауапты	Қорытынды
---	----------------------------	---------	---------	-----------

				<b>қайда қаралады?</b>
<b>1</b>	Аудан, облыс, республика, халықаралық деңгейде өтетін іс-шараларға үйірме мүшелерінің қатысуына сараптама	Екі айда бір рет	ББМ	Педагогикалық кеңес
<b>2</b>	Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысын тексеру (мектептердегі және орталықтағы ҚББП)	Жылына екі рет	Директордың орынбасары	Директор жанындағы кеңес
<b>3</b>	Үйірме жұмыстарының жүргізілуін және оқушылардың қатысуын қадағалау	Ай сайын	Директордың орынбасары	Педагогикалық кеңес
<b>4</b>	Орталық қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларын тексеру	Жылына екі рет	Іс-жүргізуші	Директор жанындағы кеңес
<b>5</b>	Баспасөзге жазылу жұмысы	Қазан	Директордың орынбасары	
<b>6</b>	Бухгалтердің жұмысы және қаржылық кіріс-шығыс құжаттарын тексеру	Әр айдың соңында	Директор	Әкімшілік кеңесте
<b>7</b>	«Қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында ҚББП-на әдістемелік көмек көрсету	қазан -наурыз	Директордың орынбасары және әдістемелік бөлім меңгерушісі	Педагогикалық кеңес
<b>8</b>	Балалардың жазғы демалысына орай жазғы демалысты ұйымдастыруды нақтылау, жоспар құру.	Сәуір-мамыр	Директордың орынбасары және бұқаралық бөлім меңгершісі	Педагогикалық кеңес

## **2.3 Балалар шығармашылық орталығының жұмыс тәртібінің циклограммасы**

1	Педагогикалық кеңес отырыстары	Квартал бойынша	Директор
2	Ұжымның апталық отырысы	Дүйсенбі	Директор
3	Әдістемелік кеңес отырыстары	Квартал бойынша	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
4	Директор жанындағы отырыстар	Әр ай сайын	Директор
5	Ата-анамен жұмыс	Квартал бойынша	Әкімшілік
6	Әдістемелік күн	Апта сайын	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
7	Жұмыс уақытын есептеу табелін жүргізу	Әр ай сайын	Директордың орынбасары
8	Оқушыларконтингентін нақтылау	Әр ай сайын	Директордың орынбасары

## **II тарау**

### **3.1 Директор жанындағы кеңес отырыстары**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мерзімі</b>
1	1. БШО жаңа оқу жылына дайындығы (мамандармен қамтылуы, кабинеттерді жабдықтау, оқу кабинеттерінің дайындығы, мектеп құжаттарының жайы) материалдық-техникалық базасы. 2. Оқушылардық оқу барысында қауіпсіздік техникасының сақтау туралы.	қыркүйек
2	1. Қайырымдылық айлығын өткізу туралы 2. Мекеме құжаттарының жүргізілуі барысы 3. Ағымдағы мәселелер	қазан
3	1. Ішкі тәртіп ережесінің сақталуы 2. Аудан бойынша күзгі демалыс күндері үйірмелер жұмысының барысы. 3. Баспасөзге жазылу жұмысына сараптама	қараша
4	1. Орталық ғимаратының санитарлық-гигиеналық жәйі 2. Тәуелсіздік күні мерекесіне орай ұйымдастырылатын мәдени іс-шараларға қатысу және ұйымдастыру	желтоқсан
5	1. Кәсіподақ комитеті төрағасының есебі 2. Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысын тексеру (мектептердегі және орталықтағы ҚББП) 3. Аудан бойынша қысқы демалыс күндері үйірмелер жұмысының барысы.	қаңтар
6	1. Ата-аналармен жұмыс жоспарының орындалуы 2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тыңдау. 3. Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы	ақпан
7	1. Наурыз мерекесіне мерекесіне орай ұйымдастырылатын мәдени іс-шараларға қатысу және ұйымдастыру 2. Аудан бойынша көктемгі демалыс күндері үйірмелер жұмысының барысы.	наурыз
8	1. Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысын тексеру (мектептердегі және орталықтағы ҚББП) 2. Мекеме құжаттарының жүргізілуі барысы	сәуір
9	1. «Ақшағала» жазғы тынығу лагерін жазғы маусымға дайындау. 2. ҚББП жазғы демалыс кестесін бекіту	мамыр
10	1. 2021-2022 оқу жылын дайындық жұмыстары 2. Ағымдағы мәселелер	Тамыз

### 3.2 Әдістемелік кеңес отырысы

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мерзімі</b>
----------	-----------------	----------------

<b>I</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын талдау, бекіту</li> <li>2. Үйірме жетекшілерінің тақырыптық-күнтізбелік жоспарларын бекіту;</li> <li>3. Жас мамандардың тізімін анықтау, тәлімгерлер тағайындау</li> <li>4. Сараптамалық кеңес туралы ережемен таныстыру.</li> </ol>	қыркүйек
<b>II</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазан айында таратылған инновациялық педагогикалық тәжірибелер.</li> <li>2. ҚББ педагогтарының өзара сабаққа қатысуы және өз білімін жетілдіруі.</li> <li>3. Жоспарға сәйкес өткен ашық сабақтардың, шеберлік сыныптардың өтуі.</li> </ol>	қараша
<b>III</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. I жартыжылдықтың қорытындысына талдау жүргізу. (Үйірме жетекшілерінің шығармашылық есебін тыңдау)</li> <li>2. «Талантты және дарынды балаларды оқытудағы әдіс-тәсілдер» шеберлік сынып.</li> <li>3. Курстан өткен педагогтардың әдістемелік жаңалықтарымен бөлісу</li> </ol>	қаңтар
<b>IV</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпан айында өткізілген апталықтардың өткізілуі туралы есеп.</li> <li>2. Жоспарға сәйкес өткен, өтуі тиіс ашық сабақтардың өтуі.</li> </ol>	наурыз
<b>V</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпан, сәуір айларында таратылған инновациялық педагогикалық тәжірибелер.</li> <li>2. II жарты жылдықтың қорытындысына талдау жүргізу. (Үйірме жетекшілерінің шығармашылық есебін тыңдау)</li> <li>3. ҚББП-ның жетістіктерін, іс-тәжірибесін, ашық сабақ, сабақ жоспарларын басылымдарға ұсыну.</li> </ol>	мамыр
<b>VI</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тамыз кеңесінің қосымша білім беру саласы бойынша секциялық отырысына қатысу, баяндама, іс-тәжірибесімен бөлісетін ҚББП анықтау, дайындау.</li> <li>4. Тамыз айында таратылатын инновациялық педагогикалық тәжірибелерді қарау бойынша сараптамалық кеңес жұмысы.</li> </ol>	тамыз

### 3.3 Педагогикалық кеңес отырыстары

№	Тақырыбы	Мерзімі
1	<p><b>Тақырыбы «БШО 2021-2022 оқу жылына айқындаған міндеттері мен мақсаттары»</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Педагогикалық кеңестің құрамын, хатшысын сайлау.</li> <li>3. БШО жылдық жұмыс жоспарын бекіту.</li> <li>4. Тарификациямен таныстыру.</li> <li>5. БШО үйірмелердің сабақ кестесін бекіту.</li> <li>6. Аттестациялау ережесімен таныстыру және комиссия құрамын және әдістемелік кеңестің ережесі мен құрамын бекіту.</li> <li>7. Мемлекеттік қызмет бойынша оқушыларды үйірмемен қамтамасыз етілуі бойынша мәлімет.</li> <li>8. Негізгі заңнамалық және нормативтік құжаттармен танысу</li> <li>9. Ұстаздар күніне орай ҚББП марапатқа ұсыну.</li> </ol>	Қыркүйек
2	<p>Тақырыбы: «Қосымша білім беру жүйесіндегі озық үлгілер»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Стандартты – стандартты емес мұғалім» сауалнама жүргізу/психолог/</li> <li>2. «Ақпараттық технология – бүгінгі күн талабы» баяндама</li> <li>3. «Қосымша білім беру педагогтарының қызметін жетілдіру» тақырыбында ҚББП-на әдістемелік көмек көрсету жұмысы қорытындысы</li> <li>4. 16 желтоқсан тәуелсіздік күні мерекесіне орай БШО жетістігі бар ҚББП аудан, облыс көлеміндегі марапаттарға ұсыну .</li> <li>5. Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау</li> <li>6. Аудан, облыс, республика, халықаралық деңгейде өтетін іс-шараларға үйірме мүшелерінің қатысуына сараптама</li> </ol>	Қараша
3	<p>Тақырыбы: «І жарты жылдықтағы БШО-ның жұмысының нәтижелілігі»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚББП аттестациядан өткізу бойынша аттестация комиссиясының есебі</li> <li>2. Әдістемелік бөлімнің жарты жылдық жұмыс есебі</li> <li>3. Бұқаралық бөлімнің жарты жылдық жұмыс есебі</li> <li>4. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жырты жылдық жұмыс есебі</li> <li>5. Педагог-психологтың жарты жылдық есебі</li> <li>6. Ата-аналармен жүргізілген жұмыс есебі</li> <li>7. Санатқа ұсынылған педагогтерді аттестаттау қорытындысы</li> <li>8. Педагогикалық ұжымға арналған « Арт терапия» ойындары</li> </ol>	Қаңтар
4	<p>Тақырыбы: «Қосымша білім беру педагогтарының қызметін жетілдіру»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Алғыс Айту – игі іс» педагогтармен тренинг</li> <li>2. «Қосымша білім беру жүйесін қалыптастыру жағдайында оқушыларды кәсіби бағдарлау» баяндама</li> <li>3. Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау</li> <li>4. «Қосымша білім беру педагогтарының қызметін жетілдіру» тақырыбында ҚББП-на әдістемелік көмек көрсету жұмысы</li> <li>5. Наурыз мерекесіне орай ҚББП марапатқа ұсыну.</li> <li>6. Аудан, облыс, республика, халықаралық деңгейде өтетін іс-шараларға үйірме мүшелерінің қатысуына сараптама</li> </ol>	Наурыз
5	<p>Тақырыбы: «Қорытындылар, нәтижелер, ұсыныстар»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚББП аттестациядан өткізу бойынша аттестация комиссиясының есебі</li> </ol>	Мамыр

	2. Әдістемелік бөлімнің жылдық жұмыс есебі 3. Бұқаралық бөлімнің жылдық жұмыс есебі 4. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жыртты жұмыс есебі 5. Педагог-психологтың жылдық есебі 6. Ата-аналармен жүргізілген жұмыс есебі 7. Ақшағала жазғы сауықтыру лагерінің жұмыс жоспарын бекіту. 8. Оқу жылының аяқталуына орай ҚББП марапатқа ұсыну.	
--	--	--

### III тарау

#### 4.1 Әдістемелік жұмыс

**Әдістемелік тақырып:** «Қосымша білім беру педагогтарының қызметін жетілдіру»

**Әдістемелік жұмыстың мақсаты:**

Қосымша білім беру педагогтарының кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын арттыруды тиісті әдістемелік көмек беру.

**Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері:**

- ҚББП-ның үздік іс-тәжірибелерін жинақтау және тарату
- ҚББП кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын арттыру мақсатында байқау, сайыстар өткізу.
- ҚББП арасында іс –тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сыныптар, апталықтар, ашық сабақтар өткізуді ұйымдастыру.
- Үйірме сабақтарының жоғары әдістемелік деңгейде өтуін қамтамасыз ету.

#### Әдістемелік бөлімнің жұмыс жоспары

№	Іс- шараның атауы	Уақыты	Жауапты
1	Үйірме жетекшілерінің тақырыптық-күнгізбелік жоспарларын бекіту;	Қыркүйек	Әдістемелік бөлім меңгерушісі және директор
2	Жас мамандардың тізімін анықтау, тәлімгерлер тағайындау	Қыркүйек	Әдістемелік бөлім меңгерушісі және директордың орынбасары
3	2021-2022 оқу жылы біліктілігін арттыратын және аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін жасау	Қыркүйек	Әдістемелік бөлім меңгерушісі директордың орынбасары
4	Облыстық, республикалық деңгейде білім жетілдіру институты өткізетін курстарға ҚББП жіберу жоспарын жасақтау	Қыркүйек	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
5	«Оқушы белсенділігін арттыруда инновациялық технологияның мүмкіндіктері» аудандық семинар	қазан	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
6	«Идеялар жәрмеңкесі» жас мамандар байқауы	Қазан	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
7	«Қосымша білім беру педагогтарының қызметін жетілдіру» тақырыбында ҚББП-на әдістемелік көмек көрсету	Қазан Наурыз	Әдістемелік бөлім меңгерушісі және директордың орынбасары
8	«Үздік іс- тәжірибе алаңы» атты ҚББП арасында шеберлік сыныптар байқауы айлығы 1. «Бейнелеу өнері», «Живопись», «Графика» үйірмелері ҚББП 2. «Сәндік қолданбалы өнер», «Дизайн», «Ағаш	Қараша	Әдістемелік бөлім меңгерушісі

	<p>өндеу»үйірмелері ҚББП</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3. «Жас актер» үйірмесі ҚББП</li> <li>4. «Жас журналист» үйірмесі ҚББП</li> <li>5. «Вокал» үйірмесі ҚББП</li> <li>6. «Домбыра» үйірмесі ҚББП</li> <li>7. «Фотоэуескойлар», «ІТ», «Робототехника», «Жас техник» үйірмелері ҚББП</li> <li>8. «Дебат» үйірмесі ҚББП</li> <li>9. «Жас тарихшы» үйірмесі ҚББП</li> <li>10. «Би» үйірмесі ҚББП</li> <li>11. «Ағылшын» үйірмесі ҚББП</li> </ol>		
9	Аттестациядан өтетін ҚББП ашық сабақтарын өткізуін жоспарлау, ашық сабаққа қатысу.	Қараша Наурыз	Әдістемелік бөлім меңгерушісі және директордың орынбасары
10	Іс-тәжірибе таратуды ұйымдастыру	Жыл бойы /ақпан, сәуір,тамыз, қазан/	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
11	«Үздік қосымша білім беру педагогы» байқауы	желтоқсан	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
12	ҚББП жетістіктерін, іс-тәжірибелерін БАҚ жариялау	Жыл бойы	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
13	<p><b>«Интеллектуалды ойындар»</b> айлығы</p> <p>1 апта</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Бейнелеу өнері», «Живопись», «Графика» үйірмелері</li> <li>2. «Сәндік қолданбалы өнер», «Дизайн», «Ағаш өндеу» үйірмелері</li> </ol> <p>2 апта</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3. «Жас актер» үйірмесі</li> <li>4. «Жас журналист» үйірмесі</li> <li>5. «Би» үйірмесі</li> </ol> <p>3 апта</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>6. «Фотоэуескойлар»,«ІТ», «Робототехника», «Жас техник» үйірмелері</li> <li>7. «Дебат» үйірмесі</li> <li>8. «Жас тарихшы» үйірмесі</li> </ol> <p>4 апта</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>9. «Вокал» үйірмесі</li> <li>10. «Домбыра» үйірмесі</li> <li>11. «Ағылшын» үйірмесі</li> </ol>	Қаңтар	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
14	<p><b>«Шығармашылық әлеміне саяхат»</b> тақырыбында апталықтар айлығы</p> <p>1 апта</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Бейнелеу өнері», «Живопись», «Графика» үйірмелері</li> <li>2. «Сәндік қолданбалы өнер», «Дизайн», «Ағаш өндеу» үйірмелері</li> </ol> <p>2 апта</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3. «Жас актер» үйірмесі</li> <li>4. «Жас журналист» үйірмесі</li> <li>5. «Би» үйірмесі</li> </ol> <p>3 апта</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>6. «Фотоэуескойлар», «ІТ», «Жас техник»,«Робототехника», үйірмелері</li> </ol>	Ақпан	Әдістемелік бөлім меңгерушісі

	7. «Дебат» үйірмесі 8. «Жас тарихшы» үйірмесі 4 апта 9. «Вокал» үйірмесі 10. «Домбыра» үйірмесі 11. «Ағылшын» үйірмесі		
15	ҚББП-на арналған « <b>Әдістемелік қоржын</b> » байқауы	Наурыз	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
16	«Ақшағала» жазғы тынығу лагерінің маусымдық жұмысына 9 кезеңге арналаған іс-шаралар жоспарын жасақтау.	Сәуір	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
17	Тамыз кеңесінің қосымша білім саласы бойынша облыстық, аудандық секция отырысына баяндама, шеберлік сынып көрсететін ҚББП ұсыну.	Мамыр	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
18	Әдістемелік бөлімнің жылдық жұмыс есебін дайындау /БШО жетістіктерін, жыл бойынша жұмыс есебін аудандық білім беру бөлімінің тәрбие саласы әдіскеріне тапсыру/	Мамыр	Әдістемелік бөлім меңгерушісі
19	Тамыз кеңесінің қосымша білім саласы бойынша секциялық отырысына қатысуды ұйымдастыру	Тамыз	Әдістемелік бөлім меңгерушісі

#### 4.2 Бұқаралық бөлімнің іс-шаралар жоспары

**Мақсаты:** Жалпыадамдық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.



**Міндеті:** Тәрбиенің 8 бағытын негізге ала отырып, қосымша білім беру ұйымының тәрбиеленушілері мен ҚББП арасында аудандық іс шаралар / сайыс, фестиваль, көрме, байқау, концерт, челендж т.б./ өткізу;

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Өтетін орыны	Жауапты
1	Тілдер күні мерекесіне орай « <b>Жетістікке жеткізетін жеті кітап</b> » атты жас актер, жас журналист және дебат үйірмесі мүшелері арасында кітап оқу челленджі	20-30 қыркүйек	БШО	Бұқаралық бөлім меңгерушісі
2	Отбасы күніне орай « <b>Отбасы тәрбиенің басты ұясы</b> » атты үйірмесі мүшелері арасында фото байқауы.	27 қыркүйек	БШО	Бұқаралық бөлім меңгерушісі
